

Асығың алымысынан түссін, балақай!

Аты-жөні: Мектебі: Сыныбы:
Тел: Пән мұғалімі:

Барлығы 100 ұнай, уақыты 90 мин.


Есіңде болсын!!!




Тапсырмаларды тек көк қаламмен жазу керек.

I. Бос орын толтыру сұраулары (бос орындарға тек жауап жазу талап етіледі. Әрбір сұрақ 3 ұнайдан, барлығы 48 ұнай).

- Есептеңдер: 1) $7040 + 38745 : 9 = [\quad]$ 2) $(\frac{7}{30} + \frac{8}{45}) + \frac{1}{30} = [\quad]$.
- $\frac{1}{2} + \frac{13}{26} + \frac{103}{206} + \frac{1008}{2016} = [\quad]$.
- Үш баланың жастарының қосындысы 29 болса, 5 жылдан кейін олардың жастарының қосындысы нешеге тең болады? [\quad]
- Адам денесінің $\frac{16}{25}$ -сы су. Массасы 75 кг адам денесінде неше кг су бар? [\quad].
- Жол бойына алма мен өрік ағаштары отырғызылды. Әрбір екі алма ағашының ортасына екі өрік ағашы отырғызылған. Егер алма ағашы 20 болса, өрік ағашы нешеу? [\quad].
- Велосипедшілер үш күн жарыс сапарында болды. Бірінші күні барлық жолдың $\frac{4}{15}$ бөлігін, екінші күні $\frac{2}{5}$ бөлігін, ал үшінші күні қалған 100 км жерді жүрді. Үш күннің ішінде велосипедшілер қанша жол жүрді? [\quad].
- Суреттегідей, ұзындығы 19 м ені 11 м тік төртбұрышқа төрт квадрат салынған. Тіктөртбұрыш төрт квадрат және бір тік төртбұрышқа (баялған) бөлінген. Сол кішкене тік төртбұрыштың ауданын табыңдар. [\quad].
- Торғай өзі тұрған ағаштан көрші ағашқа секіре алады. Оның бір рет секіруіне $2\frac{1}{2}$ секунд уақыт қажет. Ол 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Сосын тағы да ол 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Осылай жалғастыра берсе А-дан Б-ға қанша уақытта секіріп бара алады? [\quad]
- Үстелде әр біреуіне жеке-жеке 3, 4, 5, 7, 9, 13 кәмпит салынған 6 қорап кәмпит тұр. Асан 2 қорап кәмпитті, Әли 3 қорап кәмпитті алып кетті. Әлидің алған барлық кәмпиттерінің саны Асанның алған барлық кәмпиттерінің санының 2 есесі болса, үстелде қалған қораптағы кәмпит саны: [\quad]
- Темір жол бойындағы бағандардың аралығы 7м, поезд вагонында отырған адам 3 мин ішінде 151 бағаннан өткенін санаған. Поезд бір минутта қанша метр жүрген жылдамдығын тап? [\quad].
- 9 таңбалы 2016□2016 саны 3-ке бөлінсе, онда □-тің ішіндегі сан қандай? [\quad]



7- есеп



12. Төрт оқушы салмақтарын өлшеді, олардың салмақтары төмендегідей:

36000 г, $\frac{21}{500}$ т, 37кг, 40кг

Азамат: «Мен Ұланнан салмағым ауыр, ал Асланнан жеңілмін» – деді.

Ұлан: «Мен Асқардан ауырмын» - деді.

Осы төрт оқушыны салмағы ауырынан жеңіліне қарай жаз.

[], [], [], []


II. Талдау сұраулары (Әрбір сұрақ 3 ұпайдан, барлығы 27 ұпай).

1. МА+ТЕ+МА+ТИ+КА қосындысы қандай ең үлкен мәнді қабылдайды (бірдей әріптің орнына бірдей цифрды, әр түрлі әріптің орнына әр түрлі цифрды қою қажет)

A) 490 B) 437 C) 435 D) 430 E) 395

2. Оң жақтағы суретте қанша куб бар?

A) 90 B) 120 C) 95 D) 94 E) 125



2- есепке


3. Ені 8 см, ұзындығы 18 см тік төртбұрыштарға қалдықсыз бөлуге болатын квадраттың ең қысқа периметрін табыңдар?

A) 36 B) 288 C) 144 D) 52 E) 72

4. Математикадан өткен аудандық олимпиадада 6 оқушы бірдей балл жинап, жеңімпаз болды. Облыстық олимпиадаға осы жеңімпаз оқушылардың ішінен 2 оқушыны жіберудің неше нұсқасы бар?

A) 15 B) 12 C) 24 D) 16 E) 32


5.



$$\frac{I}{III} + \frac{II}{III} = ?$$

A) 5 B) 1 C) 0 D) 180 E) 270


6. Төмендегі фигураның периметрі неге тең?



A) 25 B) 30 C) 35 D) 40 E) 45


7. Бір газеттің ортасынан алынған екі беттің оң жағында 14-бет, сол жағында 29-бет деп жазылған. Газет неше беттен тұратын болғаны?


A) 15 B) 43 C) 41 D) 42 E) 57



8. Мұғалім оқушыларға асық үлестірді. Егер әр оқушыға 2 асықтан берсе, 4 асық артық қалады. Егер 3 асықтан берсе, 2 асық жетпей қалады. Мұғалімде неше асық бар?

A) 25 B) 12 C) 16 D) 20 E) 14

9. 5×5 шаршы суреттегідей бөлінген, егер әр жолдағы, әр бағандағы және әрбір бөліктегі сандар қайталанбайтындай етіп 1,2,3,4,5 сандарын толтырсақ, сақаның () орнында қандай сан болады?




- A) 1 B) 2 C) 3 D) 4 E) 5

III. Есептеу сұраулары (барлығы 25 ұнай).

1. b цифры қандай болғанда $\overline{2bb1}$ саны 9-ға бөлінеді? (7 ұнай)

2. Үш шаршының қабырғалары 3 см, 7 см, 9 см деп берілген (суреттегідей). Боялған бөліктің ауданын табыңдар. (8 ұнай)



3. «ZERDELI» үшбұрышының құпиясын тап. (10 ұнай)

$$\begin{array}{r}
 \\
 \\
 \\
 \\
 \\
 \\
 + \\
 \hline
 3
 \end{array}$$